

Д.С. Жақан

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,

Алматы, Қазақстан

E-mail: zhaxan24@mail.ru

ORCID: 0000-0002-4200-879

«АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Аңдатпа. Мақалада 1920-1926 жылдар аралығында қазақ мәдени-саяси өмірінде маңызды рөл атқарған «Ақ жол» газеті беттерінде жарияланған халықтық салт-сана, фольклорға қатысты материалдар арнайы зерттеу нысанына алынды. Жекелеген пікір, хабарламадан бастап, жарияланған фольклорлық мәтіндермен қатар мақала, кітап талқылау барысындағы пікір-таластар, ұсыныстар назарға алынды. Сондай-ақ, баспа мәдениетін дамыту, халық мұрасын бастырудың өзіндік ерекшелігіне мән беріп, алғашқы тәжірибелерін қалыптастырудағы ой-пікірлері де қамтылды. Халық тұрмыс-тіршілігі мен мәдени мұрасына қатысты «Ақ жол» басылымында жарияланған сан түрлі сипатты материалдарды жіктеу, саралау арқылы халық мұрасын жинау, жариялау, зерттеу ісі Алаш қайраткерлерінің саяси-идеялық ұстанымдарының маңызды бір бөлігі болғандығы айқындалды. Сонымен қатар бұл атқарылған істердің қазақ фольклортану ғылымының даму, қалыптасу жолындағы белесті кезең болғандығы ғылыми тұжырымдалды. Мақалада алаш қайраткерлерінің түрлі қуғын-сүргін мен саяси қысымға қарамастан, ұлт рухын өшірмеудің амал-тәсілінің маңызды бөлігі ретіндегі ұстанымдарына талдау жасалды. Алаштық жасампаз рухтың бүгінгі өскелең ұрпақтың ұлттық санасы мен патриоттық сезімін тәрбиелеудегі рөліне мән беріліп, ғылыми ой-танымдарының қазіргі фольклортану ғылымын зерттеу ісіндегі жалғастығы қарастырылды. Мақалада «Ақ жол» беттерінде жарық көрген фольклорлық материалдарды талдау, талқылаулары арқылы Алаш қайраткерлерінің көшпелі дала мәдениетінің өзіне тән ерекшелігі мен даму жолына айырықша мән беріп, қазақ фольклоры мен қатар туыстас түркі халықтарының халықтық мұрасын да ортақ қазына тұрғысынан қарастырған көзқарастарына баға берілді.

Алғыс: Ғылыми мақала (AP14870833) «Алаш қайраткерлері және ұлттық фольклор» гранттық жоба аясында жазылды.

Кілт сөздер: алаш, фольклор, газет, кітап, мәтін, мұра, бағдарлама

D.S. Zhakan

M.O. Auezov Institute of Literature and Art,

Almaty, Kazakhstan

E-mail: zhaxan24@mail.ru

ORCID: 0000-0002-4200-879

The newspaper “Ak zhol” and folk culture

Abstract. The article uses materials related to folk customs and folklore published in the newspaper “Ak Zhol,” which played an important role in the cultural and political life of the Kazakhs in 1920-1926, as a special object of research. Individual opinions, messages, along with published folklore texts, opinions and suggestions were taken into account when discussing articles and books. Thoughts on the development of printing culture, the uniqueness of publishing folk heritage, and the formation of the first experience were also included. It was determined that the collection, publication, and study of national heritage are an important

part of the political and ideological position of Alash figures through the classification and differentiation of various characteristic materials published in the Ak Zhol publication concerning the people's way of life and cultural heritage. At the same time, a scientific conclusion was made that these actions were an important milestone in the development and formation of the science of Kazakh folklore. The article analyses the positions of the Alash figures as an important part of the method of not fading the spirit of the nation, despite various repressions and political pressure. The role of the creative spirit of Alash in the education of national identity and patriotism of the modern young generation is emphasized, and the continuity of scientific ideas in the studies of modern folklore science is considered. In the article, through the analysis and discussion of folklore materials published on the pages of "Ak Zhol" the views of the Alash figures who paid special attention to the originality and development of the nomadic steppe culture are considered. Kazakh folklore and the folk heritage of related Turkic peoples are considered from the point of view of common heritage.

Acknowledgments. The scientific article (AP14870833) was written within the framework of the grant project "Alash Figures and National Folklore".

Keywords: Alash, folklore, newspaper, book, text, heritage, program.

Д.С. Жакан

Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова

Алматы, Казахстан

E-mail: zhaxan24@mail.ru

ORCID: 0000-0002-4200-879

Газета «Ак жол» и народная культура

Аннотация. В статье в качестве специального объекта исследования взяты материалы, связанные с народными обычаями и фольклором, опубликованные на страницах газеты «Ак жол», сыгравшей важную роль в культурной и политической жизни казахов в 1920-1926 годах. Из отдельных мнений, сообщений, наряду с опубликованными фольклорными текстами, учитывались мнения и предложения при обсуждении статей и книг. Также были включены мысли о развитии полиграфической культуры, своеобразии издания народного наследия, формировании первого опыта. Определено, что сбор, публикация и исследование национального наследия являются важной частью политико-идеологической позиции деятелей Алаш путем классификации и дифференциации публикуемых в издании «Ак жол» различных характерных материалов, касающихся образа жизни народа и культурного наследия. В то же время был сделан научный вывод, что эти действия явились важной вехой в развитии и становлении науки казахского фольклора. В статье анализируются позиции деятелей «Алаш» как важная часть метода не угасания духа нации, несмотря на различные репрессии и политическое давление. Подчеркнута роль творческого духа Алаш в воспитании национального самосознания и патриотизма современного молодого поколения, рассмотрена преемственность научных идей в исследованиях современной фольклористической науки. В статье путем анализа и обсуждения фольклорных материалов, опубликованных на страницах «Ак Жол», рассмотрены взгляды деятелей Алаш, которые уделяли особое внимание своеобразию и развитию кочевой степной культуры, рассмотрены казахский фольклор и народное наследие родственных тюркских народов с точки зрения общего достояния.

Благодарности: Научная статья (AP14870833) написана в рамках грантового проекта «Деятели Алаш и национальный фольклор».

Ключевые слова: Алаш, фольклор, газета, книга, текст, наследие, программа.

1. Кіріспе

Бүгінде әлемдік өркениет өрісінде өзіндік орнын бекітуге талпынған қазақ жұртының мәдени өмірінің тарихы әр алуан белесті жолдардан өтті. Әсіресе ХХ ғасыр басындағы қым-қиғаш көзқарастар тұсына тап болған қазақ халқының

алдында жаңа мәдени жаңалықтардың тегеурінінде кету немесе жаңаша жаңғыру мәселесі тұрды. Осы тұстағы баспасөздің рөлі зор болғаны белгілі. Бұл кезеңдегі баспасөз, оның ішінде газеттер жайында әртүрлі ғылым саласы бойынша біршама зерттеулер жазылды. Әрине әркім өз саласының мүддесіне сай талдау жүргізіп, баға береді. «Ақ жол» газетінің идеялық-саяси ұстанымы мен жалпы маңызы, кейбір жекелеген номерлеріндегі мәселелер жайында да аз-кем ғылыми талдаулар жасалды. Өзімізге дейінгі барлық осы зерттеулерге ілтипат ете отырып, «Ақ жол» газетінің барлық (1920-1926 жылдар аралығындағы) басылымдарын тұтастай қамти отырып, ондағы халық мұрасы, халықтық әдебиет үлгілері, халқымыздың әдет-салты мен кәсібіне қатысты материалдардың жай-күйі қандай? Оның сол кездегі мәні мен күні бүгінгі ел мүддесіне, фольклор тарихына қатысын талқылауға қатысты тұжырым, түйіндер жасау – ұсынылып отырған мақаланың ғылыми арқауы. Біз өз мақсатымызға, ғылыми Жоба талабына орай, бір ғана «Ақ жол» газеті беттеріндегі халық мәдениетіне қатысты материалдарды қамтумен шектелдік. Ал өткен ғасыр басындағы басылымдарды өзара салыстыру арқылы ортақ қорытындылар жасау болашақ ұжымдық монография бағдарында жоспарланған.

Әрине, әлеуметтік – саяси ұстанымдағы газет болғандықтан, халық мұрасына қатысты материалдардың «Ақжолдың» әрбір номерінде жарық көрмеуі заңдылық. Десе де халық мәдениетіне көп көңіл бөлу газеттің басты бағыттарының бірі болғандығын «Ақ жолдың» 1921 жылғы №24 санындағы (Ақ жол, 2020:13) Жандосовтың «Қазақ газеттері туралы» атты мақаласындағы газеттің сол кезеңдегі қоғамдық өмірдегі мәнін жан-жақты талдай келе, оны халық арасына кеңінен тарату жөнінде жасаған ұсыныстары айғақтайды. Сол ұсыныстардың маңызды тармақтарының бірінде: «Қазақтың халық әдебиетіне кең орын берілсін. Халықтың халық әдебиетіне бай негізгі кені жарыққа шықсын» – деп мазмұндалған.

Ұлт мұрасы мен ұлттық тұлғаларды дәріптеген қай басылымның да жолы тар, қанды қысым шеңгелінде болғандығын «Қазақ» газетіне қатысты А.Абсадық жан-жақты қарастырады (Абсадық, 2022: 1470-1481).

Зерттеу барысындағы «Ақ жолдың» барлық номерлерін сараптап, саралау нәтижесінде дәстүрлі дүниетаным құндылықтары мен рухани мұрасының қосалқы мәселе емес, алаш қайраткерлерінің бағыт-бағдарындағы маңызды мәселелердің біріне айналғандығына көз жеткізілді.

Ол ең алдымен, дәстүрлі халық тұрмысына қатысты барлық дүниелерді (этнография, фольклор, тарих, тіл т.б) біртұтас жинау, жариялау, зерттеу мәселесі. Бұл мәселелер газеттің әртүрлі сандарында бірде басты мақала бірде басқа өзекті мәселелер қатарында көрініс тауып отырған.

Ең алдымен газет бетінде фольклорды жинауға арналған бағдарламаны жариялай отырып, көпшілікке тарату, түсіндіру мақсат етілген. Екіншіден, жиналған материалдарды жариялау, үшіншіден жарияланған фольклорға қатысты әрбір материалды талдап талқылап, жетістігі мен кемістігін көрсетіп отыруды назардан тыс қалдырмаған. Осы бағытта өздерінің де түрлі формадағы фольклор үлгілерін газет беттерінде жариялап, үлгі көрсетіп отырғаны байқалады. Ол қарапайым мысал, мақал мәтелден бастап, көлемді жырлар, салттық өлең үлгілері мен дәстүрлі өмір салтына қатысты заттық мәдениет үлгілерін сипаттау.

Жариялаушылардың басты мақсаты – аса қатерлі қоғамдық үдеріс тұсына тап келген қазақтың ұлттық рухын сақтап қалу жолындағы ұлы мұраттарымен сабақтасып жатты.

Өйткені «Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталады. Қай халықтың болмасын табиғатына тән, өзгеде қайталанбайтын қасиеттері, мінезі, діні, тілі болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Аталған рухты қазақ халқы - «Ақ жол» газетінен алды» (Сақ, 2020: 11).

Алаш қайраткерлерінің осы бағыттағы сан-салалы істерінің ауқымы тек газет беттерінде мәтін яки мақала жариялаумен шектелмейді, ана тілінде кітап бастыру, басылған кітаптағы фольклор материалдарын талқылау да жүзеге асырылып отырған.

2. Материалдар мен әдістер

Ғылыми-зерттеу жұмысы Алаш мұрасына қатысты әр алуан баспасөз беттеріндегі түрлі сипаттағы материалдарды зерттеу нысанына алып, оның әрқайсының қазақ фольклортану ғылымының даму жолындағы орны мен маңызын айқындауды көздейді.

2.1 Зерттеу әдістері

Мақалада алаш зиялыларының қазақ фольклортану ғылымын қалыптастырудағы «Ақ жол» газетінің орнын айқындау мақсатында газеттің 1920 жылдың 7-желтоқсанан бастап, 1926 аралығында жетісіне үш рет шығып тұрған материалдары қамтылған 25 томының (Құрастырушы: Х.Есенқараева) барлық басылымының ішіндегі фольклорға қатысты материалдарды түгелдей саралау, жинақтау, салыстыру, жүйелеу мен тарихи-функционалдық, құндылық-интерпретациялық, құрылымдық талдау әдістері қолданылды.

2.2 Материалдарға сипаттама

Ұсынылып отырған зерттеудің құрылымы негізінен ХХ ғасыр басында ұзақ уақыт үзбей шығып тұрған «Ақ жол» газетінің беттерінде жарияланған халықтық мұра мен фольклорға қатысты түрлі материалдардан тұрады. Сонымен қатар өткен ғасыр басындағы қоғам мен адам қарым-қатынасының түрлі тарихи себептерін қарастырған тарихшы ғалым М.Қойгелдиевтің (Қойгелдиев, 1995), газеттің бағыт-бағдарын журналистика саласы бойынша қарастырған зерттеуші Қ.Ө.Сақтың (Сақ, 2020), әдебиеттану тұрғысынан қарастырған А.Ісімақова (Ісімақова, 2017) мен Д.Қамзабекұлының (2017), сонымен қатар алаш мұрасын диссертациялық деңгейде қарастырған түрлі зерттеулер мен ғылыми мақалалар назарға алынды.

Алаштанушы ғалымдар (Өскен Ә.М., Қамзабекұлы Д, 2019: 91) алаштану ғылымын іштей үш кезеңге бөліп қарастырып, алдымен мұраны тану, таныту, екінші терең, жан-жақты зерттеу және қазіргі заман ғылымы талабына сәйкес алаш қайраткерлерінің мұрасын әр түрлі ғылымдар байланысы (философиялық филологиялық, психологиялық, т.б.) аспектісінде мәтінтану тұрғысынан тексеру деп тұжырымдайды.

Мақалада Алаш мұрасына қатысты барлық ой-пікірлер мен ізденістерді тірек ете отырып, 1920-1926 жыл аралығындағы «Ақ жол» газеті материалдарының халықтық, ұлттық сипатын ғылыми талдауларға талпыныс жасалды. Сондай-ақ қазақ мәдениеті дамуының бір көрсеткіші болып табылатын бір ғана газет

басылымының алаштық идеяны таратушы бола отырып, бүгінгі күн үшін де маңызды іс атқарғандығы дәйектелді.

3. Талқылануы

Алаш ардақтыларының бірі Ж. Аймауытов қазақ жерінің асыл тас, кен байлыққа кенде емес екендігін айта келе: «... мол қазына қазақ елінің ішінде де жатыр. Ол не десеңіз әдебиет, ән-күй. Күн көру тәсілін сырттан жұқтырып, үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге болмайды. Алса да, халықтың көкейіне көпке дейін қонбайды. Ендеше өзімізде бар дәулетті жарыққа шығарып, іске жаратуға талпыну керек» (Аймауытов, 1999: 73) деп тұжырым жасайды. Бұл тұжырым бүкіл Алаш қайраткерлерінің ортақ ұстанымның негізі болған десек қателеспейміз. Өйткені мемлекеттің негізі – халықтың сан ғасырлық төл мәдениеті оның негізгі бұлжымас тірегі, адастырмас темірқазығы.

Яғни, халықтың төл құндылықтарының негізін сақтай отырып, жаңа заман көшіне лайықты ілесудің үйлесімді жолдарын табуға ұмтылған Алаш қайраткерлерінің халықтық сана, халық мұрасына қатысты ұғымдары жалаң ұғылмайды. Ол елдің тарихи танымы, дәстүр- салтымен қоса-қабат ұғынылады. Сондықтан да тіршілік тынысы тарылып, жаңа қоғамдық қатынастардың тегеурінді қысымына ұшыраған қазақтың бүкіл мәдени өміріне таяныш боларлық рухани тіректі халықтың өз тарихи тамырымен байланыстыруды өзек етті. Мәселе жаңалыққа қарсы шығу емес, жаңашылдықпен дәстүр арасын бітістіру, бұрынғы барды түгел тәрк етпей, жаңа заман мүддесіне сай оңтайландыру болды. Бірақ бұл ұстаным отаршылдық пиғылдағы билікке ұнамағандықтан, алаш идеясы қысымға, қуғынға ұшырады.

«Ақ жол» газетінде желісі үзілмеген тақырып – көшпенді дала мәдениетінің негізі, тіршілік көзі болған ата кәсіптің хал-күйі, болашағы десе болады. Мәселен, «Байтасұлы» атымен жарияланған «Кәсіп керек, кәсіп иесі адамдарды көбейту керек» – деген мақалада жаңа дәуірдегі қазақ үшін ең өзекті мәселе сөз болған. «Ел мәдениетінің көтерілуіне негізгі қорған шаруа, кәсіп. Кәсібі аз елде жайлы тіршілік болмақшы емес, түрлі тараулы кәсібі бар елдің еткен тіршілігі жайлы болып, жалпы халқының мәдениеті көтеріліп, ілгерілей бастамақ. Тіршілік үшін қолданатын кәсіптің аздығы елдің мәдениетсіздігін көрсетеді. Қазақта негізгі әр тараулы кәсіп жоққа жақын, жалғыз-ақ қазақтың негізгі кәсібі-малшылық» (Ақжол, 2020: 62) дей келе, сол кәсіптің өзінің қазақ арасында жайы кетіп нашарлап бара жатқандығын айтады. Ұлттық кәсіптің өркендеуі үшін аса қажет шарт: мал тұқымының мол болуы мен малға қолайлы кең өрістің болмауы халықты қалжыратқан басты себеп ретінде айтылады. Жаңа дәуірдегі малшылық өркендеуі үшін жан-жақты зерделеген кітап жазылу керектігін: «мал шаруасы жөнінен әдебиет керек; ...Жоқ деп отыра беруге болмайды, қалам ұстаған азаматтар тәржіма жолымен болса да шаруашылық жөнінен кітап жаза бастаса екен дейміз» (Ақжол, 2020: 367) – деп тұжырымдайды.

Мақалада қалаға қоныс аудару мен белгілі бір мамандық, кәсіп иесі болудың өзекті мәселелерін қозғай отырып, қазақ арасында әртүрлі өнер иесі адамдар ұста, етікші, өрімші, иіші, сыршы, тасшы, балташы, қырғызшы (ыдыс-аяқтар қыратындар) секілді түрлі ұлттық өнер иелері мол болғандығын, ендігі жерде осы ұлттық кәсіптің аясын

кеңейтіп, өзге елдердің мәдениеттерімен сабақтастыра отырып дамытса, қазақтың болашақтағы отырықшы шаруасына негіз болар еді деген тілек айтылады.

Әлеуметтік-қоғамдық тақырыпқа арналған сандарда ел басқару, дау-шарды шешу, адам құқын қорғауда да небір даналық шешімдерімен көпті тәнті етіп, ел құрметіне бөленген ежелгі халықтық шешендік билік тәжірибесінің жаңа заманға оңтайланған, жаңғырған түрін енгізудің әдіс-тәсілдерін табуды қолдағаны көрінеді.

«Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін билер сөзінің құдіретті болуының себебін, ең алдымен олардың халықпен бірге өсіп, біте қайнасып, тұрмысы мен әдет-ғұрпына жетік болғандығы және олардың өзінің билікті мансап, кәсіп етпей, әділ би атануды мақсат тұтуы мен жаратылысынан жүйрік туып танылып, ешбір сайлауға кіріптар болмағандығынан» деп есептейді.

Сондай-ақ «...Орыс сотының қолданғаны орыс патшаларының заңы болып, ол заңның он екіден бір нұсқасы халықтың тұрмысына тура келмеуші еді. Орыс судьялары да халықтың тілінен, әдет-ғұрпынан емге білері жоқ. Көбінесе алдындағы шалағай, жемқор тілмаштардың жетегімен адасып кетуші еді...» (Ақ жол, 2020: 82) деп көрсетілген.

«Ақ жол» беттерінде фольклорлық үлгілерді жүйелі жинау мәселелеріне қатысты материал жиі жарық көріп отырған. Солардың бірі: Түркістан қазақ-қырғыз комиссиясының уақытша бастығы Мағжан Жұмабаев пен комиссия мүшесі Абубәкір Диваевтың (1923 жыл, 5 май Ташкент): «Қазақ-қырғыз елінің тұрмысын, жол шарасын суреттеген Нәм басқа ауызда жүрген әдебиетті жинау үшін программада» құда түсуден бастап, дүниеден өту аралығындағы өмірдің барлық кезеңіне қатысты салт, рәсімге, түрлі табиғат құбылыстарына байланысты ұғым-түсініктер мен жеке фольклорлық жанрлардың жанрлық түрлерін қамтиды. Олардың әрқайсының ішкі салалық мағыналарына дендеп барып, ол мәселені жинағанда нені мақсат ету керек, неге мән беру керек? деген мәселелерге дейін айқын мақсат етіп қойылған. Мұның өзі осы бағдарламаны түзушілердің жалпы халық тұрмысы мен фольклорлық мұраларды жинаудың ерекшелігін тани білген біліктілігі мен дұрыс ғылыми бағытын танытады. Мәселен, соңғы жылдарға дейін жете зерттелмей келген ойын фольклорына қатысты бағдарламаға назар аударсақ: балалар қандай ойын ойнайды нәм қалай ойнайды? Ұл нәм қыздың бірге ойнайтын, бөлек ойнайтын ойындары қандай? Қандай ойыншықтар бар, оларды кім жасайды? Неден жасалады? т.б. деген өзекті мақсаттар қойылған. Бұл мақсаттар тек тәуелсіздік тұсындағы фольклортану ғылымында К.Матыжановтың басшылығымен жасалған ойын мәтіндерінің ғылыми басылымы мен (Ұлы дала ойындары, 2022) монографиялық (Матыжанов, 2023) деңгейде зерттелуі арқылы ғана жан-жақты жүзеге асырылып, ғылыми айналымға енді.

Әрі бұл бағдарламаны түзушілер жинаушыларға еркіндік береді. «Бұл программа жөн сілтеу үшін жазылып отыр.Өзінің ынтасы бар адам программамен қолым байланды деп сылтау қылмас. ...Жинаушылар, жазушылар тек таза қазақ-қырғыз тұрмысынан жинауға тырыссын. Көп жасаған қарттардан, елден, өткен тұрмысын сұрастырсын нәм әрбір материалдың қай облыс, қай ояз, қай болыс, кімнен алынғанын иәки ұғылғаны жазыла барсын. Біздің өтінішіміз: мәдениетке қызмет қыламын деген қазақ-қырғыз баласы осы программаны жоба қылып, материал жинап, қазақ-

қырғыз білім мекемесіне жіберсін» (Ақжол, 2020: 26). Яғни, олар қазақ фольклорының бағдарламада аталғандармен шектелмейтінін жақсы білген.

«Ақжолда» жарияланған бағдарлама әлі де ел тұрмысының айнасы болып отырған қазақ фольклорының барлық үлгілерін тұтас қамтып жинап алуды көздеуімен құнды. Әрине ұлттық құндылықтарға деген қысымды күшейткен саясат салдарынан бағдарлама бойынша жүйелі жұмыс жүргізу мүмкін болмағаны белгілі. Десе де алаш қайраткерлерінің қым-қуат басқа міндеттердің қатарында түзген бұндай бастамасы бүгінгі ғылым үшін аса бағалы құндылық. Фольклордың ел тұрмысымен сабақтастығына жете мән беріліп, мақсатты ғылыми тұрғыдан жиналмағандықтан, байырғы халық фольклорының көп байлығы қағазға түспей қалған.

Газет жарияланымдарындағы маңызды мәселенің қатарында, әрбір шыққан кітапты қазақ руханиятының өсу дәрежесі деп бағалап, қуанышты жаңалық ретінде халықпен бөлісе отырып талдап, жалпы маңызын түсіндіру салтқа айналғандығы байқалады.

Сондай мақалалардың бірі – «Қазақ-қырғыз білім комиссиясының 1923 жылдағы ісі» деп аталатын ақпараттық мақалада ауызша әдебиетті жинау, «Х.Досмұхамедовтің Кенесары уақиғасын жазған мақаласымен бірге Кенесары-Наурызбай мақаласын жариялау», «Қыз Жібек» қиссасын шығару, «Ауызша әдебиеттен құралған ересектерге оқу кітабы» (М.Жұмабаев); «Ер Тарғын қиссасы» баспаға берілетіндігі жоспарланғандығы және еліміздің ауызша әдебиетін жинау үшін жазда алты өңірге арнап кісі жіберу жоспарланғандығы туралы мәлімет берілген. Демек, халық мұрасына қатысты кітап басылымы жайлы алдын-ала ақпарат беріліп, халық құлақтандырылып отырған.

«Ақжолдың» №145-санындағы (Ақ жол, 2020: 206-208) «М.Жұмабаевтың «Жеті батыр» атты мақаласы – фольклорға қатысты материалдардың ішіндегі ең көлемді әрі терең, жан-жақты жазылған мақала. Онда кітапты таныстыру да, талдау да әрі проблема көтеру де бар. Сондықтан да бұл мақаланы әр тараптан сөз етіп, әрбір тұжырымын тереңдей сараптау маңызды. Ең алдымен автор тарапынан бұл басылып шыққан мұралар кітабы «Он-он бес жылдан бері өткен әдебиетіміз көл-көсір бай еді» деп құр сөзбен айтылып келе жатқан көп сөздің нақтылы істегі көрінісі және ана тіліміз бен ұлттық әдебиетіміздің дамуындағы бағалы қадам ретінде жоғары бағаланған.

Алаш зиялысының жарық көрген батырлар жырларының ұлт өміріндегі маңызы жайлы осы алғашқы ғылыми-ой пікірінің құндылығы аталмыш жырлардың күні бүгінге дейін зерттеу нысанынан түспей келе жатқандығымен сипатталады. Бүгінде осы Түркістанның қазақ-қырғыз комиссиясы Түркістанның баспасөз мекемесі арқылы этнограф Әбубәкір Диваев материалдарын сұрыптап, «Жеті батыр» атымен бастырып шығарған. 1) Қобыланды батыр, 2) Нәрік ұлы Шора, 3) Бекет батыр, 4) Қамбар батыр, 5) Шора батыр, 6) Алпамыс батыр, 7) мырза Едіге батыр жырларының әрбірі бүкіл варианттарымен «Бабалар сөзінің» Жүзтомдығына еніп, әр түрлі тараптан тексерілген ғылыми диссертациялар мен іргелі зерттеулердің өзегіне айналып отыр.

Демек, Мағжан өзі жаңа заманда түрленген жазба әдебиетінің өкілі бола тұра жаңа мәдениеттің берік негізі халықтың сан ғасырлық мәдени тәжірибесі мен мұрасында

жатыр деп есептеп, «баспасөз мекемелері елдің жайына үйлеспейтін «айқайларды» бастыра беруден тиылып», халық қазынасының үлгілерін бастыруға басымдық беруі керек деген пікірді ұстанған (Ақ жол, 2020: 207).

Осы мақалада Мағжан Жетісу, Сырдария облыстарынан жиналған фольклор үлгілерінің басылымын тездету туралы тілектестігін де білдіріп өтеді.

«Ақ жол» бетінде осы тақырыппен өзектес (Ақжол, 2020: 49) «Батырлар» (Ғ.Сағды) деген мақаланың басына «Мынаны оқыңдар» – деп қара түсті үлкен әріптермен назар аударта отырып, фольклор мұраларын жариялаудың маңыздылығы жайлы айтылған. Мақалада Ә.Диваевтың жинаған 7 түрлі батырлар жырын санамалап тізіп шығады да, мұны үлкен жаңалық ретінде қабылдаған сезімін жеткізіп, ел алдындағы көп міндет-парыздың атқарылған қажетті іс екендігін жазады. Автор мұндай халықтық әдебиеттердің басылып шығуын тек қазақтар ғана емес, өзбек, татар, башқұрт халықтарының да ортақ игілігіне айналатын жетістік ретінде танып, «түрік тілдерінің түп байлығы, әуелі кеңдігі, сақтығы, әдемілігі, қазақ-қырғыз халықтарында сақталып келгендігін енді жасырып тұруға болмайды» – дейтін пікір түйіндеген. Жариялау ісінде біржақтылық орын алмай, мысалы жалғыз-ақ батырлар туралы айтқан өлең һәм әңгімелері ғана емес, солармен қатар мақал, жұмбақ сықылды халық әдебиетінің басқа бөлімдері де басылып, жарыққа шығуының қажеттілігі айтылады.

Бұл мақаланың көңіл аударлық тұсы: «бір халықтың халық ақындарының аузынан жиып алып, бастырумен ғана іс бітпейді. Әдебиетті тарихи жағынан тексеріп, белгілі бір жолға салу керек, солардың ең керекті жерлерін оқушыларға ашық түсіндіріп беру керек» – дейтін фольклорды жан-жақты, терең зерттеу туралы мәселе көтере білуінде.

Автор халық әдебиетінің тілі, өлшеуі, табиғаты, ішкі рухы жағы қалай өсті, қалайша өзгерді? – деген тұрғыда тексеріп отыру, әдебиетті күшейтіп, жандандыратын ең керекті мәселелердің бірі деп атап көрсетеді. Демек автордың жаңа әдебиеттің өзі қайдан, қалай пайда болғандығына мән беру керек деген ойлары арқылы фольклордың тарихилығы, көркем әдебиеттің ұлттық бастаулары жөнінде ғылыми ойларды түйсіне білгендігі аңғарылады.

Тағы бір маңызды тұсы – мақалада кейбір кемшіліктеріне қарамастан, «Батырлар» жинағының басылымын жетістік деп бағалап, кітапты безендірудің маңызы, мәні жайында да бағалы ойлар білдіруі. Автор: «Баспа ісіне қатынасып, басында жүрген қазақ азаматтараның басылып шыққан һәм басылатын кітаптарға салақ қарауы екі дүниеде кешірілмейтін, тастан ауыр, таудан зор күнә деп есеп етеміз» – дейді.

Газетте жарық көрген жаңа кітап жайындағы тағы бір маңызды ақпараттық-танымдық мақала «Тарту» жинағы жайында. Онда кітаптың түзушісі, басылымы, тіпті бағасы да көрсетілген. Мұндағы көңіл аударлық мәселе: мақала авторы кітаптың сыртқы мұқабасының безендірілуін тәтпіштей талдай отырып, жаңа дәуірдегі ұлттық басылымдардың, әсіресе халық фольклорына қатысты кітаптарды басу мәдениетін қалыптастырудың мәселесін көтере білген. Мына сипаттауларға назар аударайық: «... ел ішінен Әбубәкір Диваев ақсақалдың жинаған әдебиетінен тізілген кітаптың тысында Әбубәкір ақсақалдың суреті де бар. Төменде қара түнек шошайған жалғыз киіз үй, 3 түйені жетелеп, астына мінгені есек пе? Ат па? Бір

қазақ жүріп келеді. Және бір қазақ қамшылап, аяғын тоқсан градус иген, мойны салбыраған, көзі өлімсіреген аттың үстінде қамшысын сол қолына ұстаған Әбубәкір ақсақалға мойнын созып, таңданып тұр». Автор кітаптың ішкі мазмұнын ашу жай нәрсе емес екендігін, әрбір сурет пен детальдің ішкі материалдармен мағыналық үйлесімі болу керектігін, сондай-ақ қазақ тұрмысының негізгі көрсеткіші киіз үй мен қамшы (қамшыны сол қолына ұстату) жайындағы қалыптасқан дүниетанымына мүлде кереғар қайшылыққа айналып тұрғандығын айтып, бұл басылымға да жағымсыз әсер ететініне қынжылған. Яғни, автор пайымдауынша: «Азаматтық правосын алған қамшылар жақтан беріп, сол қолға қамшы ұстатып қоюда қандай сыр бар? Қамшыны солай ұстағанды қазақ орыс дейді» (Ақ жол, 2020: 259).

Бұған дейінгі шыққан кітаптарда да мұндай келеңсіздіктер көп көрініс тапқандығын айта отырып, автор мұндай жайттардың қазақ салтын толық ашып көрсете алмайтын, ел тұрмысын жетік білетін суретшілердің жоқтығынан болып жатқан кемшілік екендігін атап көрсеткен.

«Ақ жол» беттерінде осы негізде кітапты жазушылар туралы, ұлттық тілде шыққан кітаптар жайындағы рецензиялық пікірлер ұдайы басылып, сараланып отырған деуге болады. Мәселен, 1920-24 жылдар аралығында, екі жылдың ішінде екі кітабын бастырып шығарған Халел Досмұхамедовтің еңбегі ерекше құрметпен аталып, басқа ұлт қайраткерлеріне үлгі етілген. Мұның өзі қалам иелеріне ерекше қолдау мен шабыт силайтыны белгілі. Алаш қайраткерлерінің ұлт мектебін қалыптастырып қана қоймай, ұлттық оқулықтардың негізін салып, сол рухта оқытуды көздеген тұғырлы бағдарламалары болғандығы да басылым беттеріндегі пікірлерден айқын аңғарылып отырады.

«Қазақ-қырғыздың оқымыстыларының саны шамалы болсақ да, әрқайсы жыл сайын бір, екі мектеп кітаптарына жазып отырса, бес-он жылдың ішінде қазақ-қырғыз халқының мектептерін қанағаттандыру ақиқат іс. Қазақша мектеп кітаптарын жазу қиын болса да «әрекеттен берекет болады» дегендей әрекет ете берген дұрыс» (Ақ жол, 2020: 21-23). Ана тіліміздегі, ұлттық рухтағы оқулықтарды жазуды кең ауқымда алып, жаңа заман талабының дегейіндегі әр түрлі мәдениет салаларының да ұлттық тұрғыдан әдебиеті болу керектігін көрегендікпен көксей білген.

Мәселен, театр әдебиетін тудырудың көкейкесті мәселелері әрдайым көтеріліп отырған. Әсіресе қазақ-қырғыздың ескі тұрмысын айқын көрсететін театр кітаптары жазылса деген тілектен туған : « Қазақ-қырғыздың ескі тұрмысын айқын көрсететін «Манас пен Семетей» театр кітабына айналдырылса, гректердің «Иллиадасынан» артық болуына күмән жоқ» – дейтін тұжырымдар тиянақталған.

«Жаңа салт па? Жаман ырым ба?» (Тарпаң) – дейтін қысқаша мақалада ел ішіндегі халықтық салт атымен даурықпалыққа барған бірқатар адамдардың іс әрекеті сыналған. Бірінен бірі қалыспай той мен аста бәйге беруді жарысқа айналдырғанымен қоймай, кейбір өңірлердегі қарттыққа жеткен кісілердің өзіне өзі ас беріп, ат шаптыратын салты пайда болғандығын сынап отырып, бұның ежелден жаман ырым саналып келгенін еске салып, мұндай әдеттен тиылуға, тоқтамға шақырады.

«Бұл еріккендік жемісі ме? Жаңа салт па? Жоқ кері кеткен қалыптан туған жаман ырым ба? Біле алмадық. Бірақ, жұрттың пайдасы емес. Соны білеміз» (Ақ жол,

2020:102) деп түйіндейді. Демек, газет ежелден келе жатқан салттың заңдылығын сақтау бар да оны өңін айналдырып атақ шығаруға пайдаланудың керітартпалық мәнін халыққа ашып жеткізіп отырған деуге болады.

Аталмыш басылым кітаптардың басылуы, насихатталуына ғана көңіл бөлмей, олардың таралымын ұлғайту істеріне де ұдайы көңіл бөліп отырғаны көрінеді.

«Жастарды тәрбиелеудің қаруы – әдебиет» атты (Ақ жол, 2020: 43) атты мақалада жаңа заман иелері саналатын жастар тәрбиесіндегі жаңашыл әдебиеттің орны мен қоса ежелден келе жатқан халық мұраларын сіндірудің маңызы жөнінде де жан-жақты айта келе, төңкеріске дейінгі кітаптың таралымы мен төңкеріс тұсындағы келеңсіздіктерді салыстыра отырып, тек қалада ғана мәдени өнімді таратпай ел-елге жеткізудің жолдарын қалыптастыруға үндейді. «Басылған әдебиеттер де қаладан елге шықпаулы. Ел баяғы «Сал-сал», «Зарқұм», «мығымды Әнапия» сияқты қиссалардың жұрнағын кеміріп отыр. Бұрын елге шығатын саудагерлер, жәрмеңкелер болатын. Жаңағы қиссаларды солар сатып елге тарататын. ...Қазір олай емес. Шыққан кітаптар қоймада жатыр. Қалада ғана бар» (Ақ жол, 2020: 366).

Сөз басында атап өткеніміздей, «Ақ жол» бетіндегі фольклорлық үлгілер түрлі тұрпатты. Мысалы шағын жанр мақал-мәтелдер мен мақала тақырыптарының аталуынан бастап, кейбір заманға сай мәні өзгермей, бірақ құрылымын өзгерткен мақалдарды арақидік болса да жариялап отырған.

Мына мәні өзгермей ауыстырып айтылған мақал үлгілері осының мысалы: «Жолдан шығар періште, Тап келсе алтын нақ өзі»; «Бойына сеніп түйедей, Санға кірмей құр қалса»; «Өкпелеу бекер құр жоққа, Бит үшін салып тонды отқа»; «Болады дейді қой тыныш, Бола қалса қасқыр тоқ. Қасқыр тоқ болса, қой түгел, Болуының орны жоқ» (Ақ жол, 2020: 33).

Сондай-ақ отбасылық фольклор үлгілерінің ішінде қыздардың сыңсу үлгілері кездесіп қалады. Сыңсудың әу бастағы шығу төркіні көне ұғым-түсініктермен тамырлас туғанымен, заман өте келе оған түрлі әлеуметтік мағына реңк қабатталғаны белгілі. Біздіңше, Алаштықтардың сыңсу өлеңдеріне ерекше мән беруі бір жағынан әйел теңдігін жалған ұранға айналдырушыларға қарсылық болса, ондағы қыздың зары арқылы бүкіл қазақ қоғамының өзекті мәселелерінен хабардар етуді мақсұт тұтқандығынан да деуге болады.

«Әйел теңдігі» деген рубрикамен берілген «Қытай қолындағы қырғыз қызының зары(қытайда сатылған Бүбі қыздың зары) – дейтін қырғыз тіліндегі сыңсу өлең үлгісінде ұзатылар алдындағы қыздың әдеттегі көңіл-күйімен қоса туған жұрттан амалсыз ажырап, алыс қиырдағы бөтен жұрттың құлдығына түскен қиын тағдыры бейнеленіп қалған.

Урумчиде мин бир баш
Урилып ағат көзтен жаш
Ойы күйген қытайлар
Үстіме қойды ауыр таш
Қырғыз-қазақ қалың жұрт,
Қатты күн қиналып көрді жұт.
Кеше қысылып үркіп келгенде

Бір қызға беріпті қытай жарым пұт
Мин сатылдым Тұрпанда,
Жарамсыз тишік жармаққа
Сырты кара бөрі таш
Татикой деген қалмаққа.
Қазақ-қырғыз ойлай ма,
Жесірін тартып алмаққа
(Ақ жол, 2020: 241-242).

Сондай-ақ «Ақ жол «бетіндегі туыстас түркі халықтары фольклорын да қамти отырып талданған материал «Бекұлы» деген атпен жариялаған Мағжанның «Қырғыз батырлары» (қырғыз тілінде) атты мақаласы.

Автор қырғыз жұртының Семетей, Манас жырларына ерекше тоқталып, екі жырдың өзіндік ерекшелігі барына назар аудартады. Мағжан В.В.Радловтың бұл атақты жырлардың бір сілемін ғана жазып ала отырып, оның даңқын Еуропа жұртшылығына таратып, танытқанына ризашылығын білдіре отырып, бірақ бұл жиналған жырлар ілгері айлап айтса, таусылмаған жырлардың сарқындысы ғана екендігін атап көрсетеді. «Сонда да әлемге жетерлік қаншалық заманына қарай азып келген болса да бұл жырлар ешқашан қадірін жоймақ емес. Бұдан неше мың жыл бұрын жазылған Гомердің «Илиада мен «Одиссеясы» грек жұртының атағын аспанға көтерген болса, бұл жиналған Семетей, Манас жырлары да біздің кім болғанымызды, келешекте кім екенімізді әлі де айқындап көрсетпек. Сондықтан бұл жиналған жырларды ілгеріден қалған сарқынды екен деп қомсынбай, тағы болса да белгілі айтушылардан дұрыстап жинауға тырысу керек – дейді.

Мағжанның бұл мақаласында қырғыз эпосын жазба әдебиеттің талабы деңгейінде талдау басым болғанымен, жырдың көркемдігі мен батыр образдарына қатысты орынды талдайтын тұстары да бар. Фольклор тарихылығының өзіндік ерекшелігін ашып көрсетпегенімен, «Семетей», «Манас» жырлары бізден мың жылдар бұрынғы Орта Азияда жасаған халықтың түрлі тарихы мен сол кездегі халықтың тұрмысы, әдет-ғұрпынан мол мағлұмат беретіндігін дұрыс бағамдаған.

Қырғыз халқының атақты эпопеясының мән-маңызы М.Әуезов, Ә.Марғұлан бастаған бірқатар қазақ-қырғыз зерттеушілерінің іргелі зерттеулері мен ғылыми мақалаларының аясында жан-жақты талданып, тексерілген.

Манастану тарихын тануға бастау болған «Ақ жол» газетінде Алаш қайраткерінің аузымен айтылған осындай алғашқы ғылыми ой-пікірлер қазақ фольклортану ғылымындағы типологиялық зерттеу саласындағы белгілі бір белес болып табылады.

Зерттеліп отырған басылым беттеріндегі бір бағалы үрдіс – Алаш қайраткерлерінің өзара қарым-қатынасындағы «жақынын жатындай силап, жат жанынан түңілсін» деген принципке негізделген бірін-бірі адами, ғылыми тұрғыдан бағалай білген ізгі ілтипаттарының көрінісі бүгінге де ертеңге де ұлы ұлағат. Солардың біріндегі басқарма атынан берілген «Ақаңның юбилейі туралы» атты мақалада ұлт ұстазының еңбегі былайша мадақталған. «Орысқа жақындасып, Еуропа тәрбиесін алған қазақ оқығандары өз халқына қарамай жатқандығын жеңіл көріп, шын қорқытып, кеңсеге кіріп, хүкіметке жағынып, адам атанып жүргенде, оқудан шығысымен қырдағы қалың

қазақтың ішіне барып, бар білгенін қазақ балаларына үйретуге ынта қылып, қазақтың қара тілін сақтап, қайта түзей беруге қам қылған Ақаң еді. Ақаң ұлт матбұғатының көзін ашпағанда ескі елдігімізбен ерініп, қоңсы кент «ағайындардың біріне табынып, табиғи таңбадан атанып кететін едік» – делінген.

Осы номерде М.Әуезовтің «Ақаңның 50 жылдық тойы (юбилейі)» деген мақаласы да басылған.

Аталмыш басылымның басым бөлігінде қазақ басына түскен аштықтың зардабы мен оны жоюға, жеңілдетуге қатысты іс-шаралар жайында көп айтылады.

Мысалы «Ақ жолдың» 1922 жылы бейсенбі күні шыққан №143 саны түгелдей дерлік Қазақстандағы аштық мәселесіне арналған. «Жұтаған мал, қалың ауру, індет, қаптаған өлімнің орағына ілінбей аман қалғандай ашықпаған жан жоқ. Не амал? Қоныс аударып, аман қаларлық барар жер, басар тау қайда? Үміт аз! Қырдағы қарындас бізге қараса, біз жерге қараймыз...«Еркек тоқты құрбандық, ер жігіт елі үшін» тік басыңды бәйгеге! Қазақ халқының мал-жанынан түңіліп, тайғақ кешу тар көпірден өтейін деп тұрған жері де осы, сендерде сыналатын, ата-анаңның ақ сүтін ақтайтын да жерің осы!» – дейтін ұран тасталып, алаш қайраткерлері нақтылы іс жүргізгені байқалады.

Газет бетінде ел басынан өткерген зұлматтың белгісіндей болған бірді-екілі тарихи өлең, ауызекі әңгіме үлгілері беріліп отырған. Әсіресе адамдар арасындағы ауызекі әңгіме үлгілері аштық зобалаңының адам шошырлық ауыр суреттерінен хабардар етеді.

«Ақ жол»дың кезекті сандарында жарияланған кейде авторы аталып, кейде авторсыз берілетін өлең шумақтарының әрбір жолына аштыққа ұшыраған елдің көз жасы мен қайғы-қасіреті сіңген.

Шықпаған құр жан.

Тілек не бар пенде де,

Нан, нан, нан...

Құдай, А, Құдай,

Қырасың ба пендеңді.

Қоясың ба, өңгенді.

Аштық деген бір пәлең

Салды елге шеңгелді.

Күнің бар ма көретін,

Жәрдемің қайда, беретін,

Жан берген дән берер деп,

Құдайы сен сенетін (Ақ жол, 2020: 284).

Елді ішер астан басқаға мойнын бұрғызбай, ғасырлар бойғы тыныс-тіршілігін тарылтып тентіреткен қанқұйлы саясаттың бұл зұлматы қазақ тарихындағы ғана емес, адамзат тарихындағы кешірілмес қылмыс екендігін тарихшы ғалымдар (Қозыбаева, 2023: 2145-2151) архивтік, тарихи деректермен дәлелдеген.

«Ақжол» басылымының 8-томында (Ақ жол, 2020: 319) «Оқшау сөз» деген рубрикамен «Байқұс нағып жүр?» – дейтін өлеңде де ел күйзелісінің ауыр суреті бейнеленген.

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Мың сан малдан айырылып,
Малсыз байғұс нағып жүр?
Алдырып қолдан мал затын
Оян байғұс нағып жүр!
Уыс астық үнем жоқ,
Тамағы аш байқұс нағып жүр.
Іліп алар киім жоқ,
Жалаңаш байқұс нағып жүр?

Қара халықтың осыншалық ауыр қасіреттен рухы сынып, тарих сахнасынан өшіп кетпеуі үшін алаштық интелегенция бел жазбай қызмет етіп, қайтсе халыққа демеу көрсетудің жолдарын іздестіріп отырды. Сол ізгі мақсаттары жолындағы табанды істеріне «Ақ жол» бетіндегі әрбір жарияланым дәлел.

4. Зерттеу нәтижесі

Зерттеу барысында қол жеткізілген ғылыми нәтижелерді былайша мазмұндауға болады: ең алдымен, 20-26 жылдары шығып тұрған «Ақ жол» газеті қазақ өмірінің ажырамас бір бөлігіне айналып, елдің ыстық ықыласына бөленген. Мұны газеттің кезекті санының ел арасына уақтылы жетпей жатқандығына шағымданған оқырмандар пікірі айғақтайды. Газет қаншалықты қарсылыққа кезігіп, қуғын көрсе де жабылмауды көздеп, өзіне дейінгі «Қазақ», «Айқаптың» заңды мұрагері болды. Сол басылымдар дәнін еккен азаттыққа ұмтылған еркін рухты жалғастыру жолында табандылық танытты. «Ақ жол» газеті Алаш зиялыларының жаңа қоғамдық қатынастардың ықпалында кетіп қалмай, қайта оған қарсы тұрарлық, өзіндік айырым ерекшелігі бар ұлттық мәдениет сипатын қалыптастырудағы сан-салалы, үздіксіз жүргізен қажырлы істерінің айнасы іспетті. Ол халықтың рухани қажетін өтеуші ғана емес, ұлттың жаңа дәуірдегі мәдени өмірін қалыптастырудағы бағдаршысы бола білді.

Екіншіден, аталмыш басылым ХХ ғасыр басындағы халық мұрасына қатысты саяси-қоғамдық көзқарастардың түрлі дәрежедегі сипатын танытып, ұлт мәдениетін қысымға ұшырату саясатына қарсы жүргізілген алштық амал-тәсілдерін табуға ізденістерді сипаттауымен бағалы. Заман өзгерісінің ұлттық мәдениетті дамытуға тиімді тұстарын ұтымды пайдалану мен залалынан сақтанудың жолдарын ойластыру ісі түрлі формада жүзеге асырылғаны көрінеді. Талдау нәтежелері көрсеткендей, халық қазынасын жинау, жариялау, зерттеу ісін де осы тұрғыдағы мақсатты іс деп есептеген.

Үшіншіден, газет беттеріндегі сан алуан сипатты материалдар ана тілін сақтау, дамыту ісін күшейтіп, қолданылу аясын кеңейтті. Яғни қазақ тілінің тек өзара қатынас құралы ғана емес ғылым тілі, заң тілі, билік тілі сияқты салалаларда кең қанат жаюын көксеген алаш зиялыларының осы ұлы армандары жолында атқарған нақтылы істерінің бағытын танытты.

Төртіншіден, алаштық таным тек қазақ аясында ғана емес, жалпы түркілік бірлікті қолдауымен және түркі жұртының мәдениетіндегі ортақ құндылықты өз мәдениетіндей сезінген қазақи кең жүректілігімен де назар аудартты. Сондықтан да

қазақ-қырғыз комиссиясының алдына мақсаттар қойылып, екі туыс елдің қоғамдық-мәдени өміріне қатысты әлеуметтік мәселелермен қатар, халық мұралары жайындағы алғашқы ғылыми ой-пікірлердің бастаушысы болды.

Бесіншіден, газет беттерінде Алаш зиялыларының өз халқының тарихы мен мәдениетінің ешкімнен кем тұрмаған мәдени тарихын ғылыми безбендеп, асылын ардақтап, жасығынынан арылу, заман тудырған жаңалықтарды талғап, талдап ел мүддесіне жарата білуге деген жүйелі жүргізген сан-салалы қызметінің тарихы бедерленіп қалған. Бұл бүгінгі заманғы түрлі мәдениеттер тоғысындағы қазақ руханияты үшін аса бағалы әрі қажетті өміршең ұстанымдар болып отыр.

5. Қорытынды

Қорыта келгенде айтарымыз, «Ақ жол» газеті сәси-әлеуметтік бағытының аясында елдің мәдени-ағарту ісінде де өлшеусіз еңбек сіңіріп, халық алдындағы борышын адал атқарды. Ана тіліміздегі басылымдардың әрқайсына қойылған қатал цензура талаптарынан тосылмай, ұлт болашағы үшін маңызды мәселелерді орайын тауып елге жеткізудің амал-әдісін шебер қиюластыра білді.

«Ақ жолдың» 3 жылдығына арнап жазған мақаласында Мыржақып Дулатов: «Төңкеріс толқыны ортасында жел аудармай, сең соқпай ауыр үш жылды аман өткізген «Ақ жол бұдан былай да еңбекшіл қазақ-қырғыз елін көп айлар, көп жылдар адастырмай түзу бастауына тілектеспіз» – деп жазған.

Алаш зиялыларының қазақ халқының табиғатына тән өзіндік болмыс-бітімін бейнелейтін құндылықтарды сақтау мен болашаққа аманаттау ісіне қатысты ой-пікірлерін газеттің әрбір санында сыналап болса да енгізіп, кейде тура, бірде меңзеу, тұспалдау мағынасында жеткізіп отырған ізгі істері бүгінгі ұлттық руханиятты сақтау мен дамыту бағытында да маңызды рөл атқарады.

Газет қай кезеңде де, қандай заман болса да алдымен өз жұртының жүріп өткен жолы, рухани-мәдени болмысының ерекшелігі мен төл мәдениетінің құндылықтары тірек болуы керек дейтін идеяны дамыту арқылы қазақ фольклорының тарихы үшін бүгін де аса маңызды, құнды тұжырымдардың алғашқы ғылыми дәнін екті.

Сол кезеңдегі міндетті тақырып тап тартысының талқысынан тосылмай, ұлттық құндылықтарды ту етіп ұстаған «Ақ жол» газеті түрлы қысым, құқайды басынан кешіргені белгілі. Сондықтан да ондағы халық мәдениетіне қажетті мәселелердің бірде кең, бірде аз берілуінің себебі анық. Алайда сол аздаған материалдардың өзі алаш қайраткерлерінің ұлт руханиятының мәселелерін жаңа заманғы саяси-әлеуметтік құрлыстың күрделі істерімен қабат алып жүрген жанкешті қызметтерінен хабардар етеді.

Әдебиеттер:

1. Абсадық А.А., Бактылы Сансызбаевна Боранбаева, Кабибек Мухитов, Дмитрий Максимович Легкий. Газета «Казах» и ее оппоненты в казахском обществе в годы Первой мировой войны // *Bylye Gody*. 2022. 17(3) — 1470 — Copyright © 2022 by Cherkas Global University Published in the USA *Bylye Gody* Has been issued since 2006. E-ISSN: 2310-0028 2022. 17(3): 1470-1481 DOI: 10.13187/bg.2022.3.1470 Journal homepage: <https://bg.cherkasgu.prs>

2. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-ші том. – Алматы: Ғылым, 1999.

3. «Ақ жол». – Көптомдық. 2 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.

4. «Ақ жол». – Көптомдық, 8 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.
5. «Ақ жол». – Көптомдық, 9 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.
6. «Ақ жол». – Көптомдық, 11 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.
7. «Ақ жол». – Көптомдық, 12 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.
8. «Ақ жол». – Көптомдық, 13 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.
9. «Ақ жол». – Көптомдық, 14 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.
10. «Ақ жол». – Көптомдық, 15 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.
11. «Ақ жол». – Көптомдық, 18 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.
12. «Ақ жол». – Көптомдық, 19 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.
13. «Ақ жол». – Көптомдық, 21 том / Х.Енсенқарақызы. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2020. – 380 б.
14. Kozybayeva M.M. Social-demographic consequences of the famine of the early 1920s in Kazakhstan // *Bylye Gody*. – 2023. – № 18 (4). – P. 2145-2151. <https://www.scopus.com/sourceid/21100219925> (соавторы – Kudaibergenova A.I. Sarsembina K.K.).
15. Қамзабекұлы Д. Алаш арқауы [Мәтін]: (зерттеу мақалалар) / Д. Қамзабекұлы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 405 б.
16. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы [Мәтін] / М.Қойгелдиев. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
17. Матыжанов К. Қазақ мәдениетіндегі ойын феномені: тегі, табиғаты, типологиясы, трансформациясы. – Алматы: «Service Press», 2023. – 482 б.
18. Сақ Қ. Алаш мұрасы. – Алматы: Қазығұрт, 2014. – 288 б.
19. Сақ Қ.Ө., Қойгелдиева З.Ж. «Ақ жол» газетінің саяси-идеялық ұстанымы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті хабаршысы, журналистика сериясы. № 4 (133) /2020. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2020-133-4-8-14>.
20. Өскен Ә.М., Қамзабекұлы Д. Алаштану: текстологиялық жауапкершілік туралы (Ә.Н. Бөкейханның «Жаңа мектеп» журналында жарияланған мақалалары) // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. №1 (126)/2019
21. Ұлы дала ойындары (Ойындық фольклор): тегі, типологиясы, трансформациясы, қазіргі мәдениеттегі орны мен қызметі. – Алматы: «Service Press», 2022. – 255 б.
22. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы [Мәтін] / А. Ісімақова – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 477 б.

References:

1. Absadyk AA, Baktyly Sansyzbaevna Boranbaeva, Kabibek Mukhitov, Dmitry Maksimovich Legkiy. The Kazakh Newspaper and Its Opponents in Kazakh Society During the First World War // *Bylye Gody*. 2022. 17(3) — 1470 — Copyright © 2022 by Cherkas Global University Published in the USA Bylye Gody Has been issued since 2006. E-ISSN: 2310-0028 2022. 17(3): 1470-1481 DOI: 10.13187/bg.2022.3.1470 Journal homepage: <https://bg.cherkasgu.pres>
2. Aimaulytov Zh. (1999) Collection of works in five volumes. Volume 5. – Алматы: Gylym. (in Kaz)
3. «Aq jol» (2020) Multivolume. Volume 2 / Kh. Ensenkarakzy. – Алматы: «Kazakparat» baspasy. – 380 p. (in Kaz)
4. «Aq jol» (2020) Multivolume. Volume 8/ Kh. Ensenkarakzy. – Алматы: «Kazakparat» baspasy. – 380 p. (in Kaz)
5. «Aq jol» (2020) Multivolume. Volume 9/ Kh. Ensenkarakzy. – Алматы: «Kazakparat» baspasy. – 380 p. (in Kaz)
6. «Aq jol» (2020) Multivolume. Volume 11/ Kh. Ensenkarakzy. – Алматы: «Kazakparat» baspasy. – 380 p. (in Kaz)
7. «Aq jol» (2020) Multivolume. Volume 12/ Kh. Ensenkarakzy. – Алматы: «Kazakparat» baspasy. – 380 p. (in Kaz)
8. «Aq jol» (2020) Multivolume. Volume 13/ Kh. Ensenkarakzy. – Алматы: «Kazakparat» baspasy. – 380 p. (in Kaz)
9. «Aq jol» (2020) Multivolume. Volume 14/ Kh. Ensenkarakzy. – Алматы: «Kazakparat» baspasy. – 380 p. (in Kaz)

10. «Aq job» (2020) Multivolume. Volume 15/ Kh. Ensenkarakyzy. – Almaty: «Kazakparat» baspasy. – 380 p. (in Kaz)
11. «Aq job» (2020) Multivolume. Volume 18/ Kh. Ensenkarakyzy. – Almaty: «Kazakparat» baspasy. – 380 p. (in Kaz)
12. «Aq job» (2020) Multivolume. Volume 19/ Kh. Ensenkarakyzy. – Almaty: «Kazakparat» baspasy. – 380 p. (in Kaz)
13. «Aq job» (2020) Multivolume. Volume 21 / Kh. Ensenkarakyzy. – Almaty: «Kazakparat» baspasy. – 380 p. (in Kaz)
14. Kozybayeva M.M. (2023) Social-demographic consequences of the famine of the early 1920s in Kazakhstan // *Bylye Gody*. – № 18 (4). – pp. 2145–2151. <https://www.scopus.com/sourceid/21100219925> (coauthors -Kudaibergenova A.I. Sarsembina K.K.). (in Eng)
15. Kamzabekuly D. (2017) *Alash arqauy*/ D. Kamzabekuly – Almaty: Kazakh encyclopedia. – 405 p. (in Kaz)
16. Koygeldiev, M.Sh. (1995) *Alash kozgalysy* [Text]/ M.Koygeldiev. – Almaty: Sanat. – 368 p. (in Kaz)
17. Matyzhanov K. (2023) Game phenomenon in Kazakh culture: origin, nature, typology, transformation. –Almaty, «Service Press». – 482 p. (in Kaz)
18. Saq Q. (2014) *Alash heritage*. – Almaty: Kazygurt. – 288 p. (in Kaz)
19. Saq Q. (Political-ideological position of «Aq Job» newspaper // *Journalist of L.N. Gumilev Eurasian National University, journalism series*. 4 (133) /2 DOI: <https://doi.org/10.32523/616-7174-2020-133-4-8-14>. (in Kaz)
20. Oskan A.M., Kamzabekuly D. (2019) *Alashtanu: about textological responsibility (articles of A.N. Bokeikhan published in the magazine «Zhana mektep» // NEWSLETTER of Eurasian National University named after L.N. Gumilev. Philology series. №1 (126)* (in Kaz)
21. *Great Field Games (Game folklore): origin, typology, transformation, place and function in modern culture*. – Almaty: «Service Press», 2022. – 255 p. (in Kaz)
22. Isimakova A. (2017) *Literary studies of Alash* [Text] / A. Isimakova – Almaty: Kazakh encyclopedia. – 477 p. (in Kaz)